
«Бекітемін» _____
№5 мектеп-лицей директоры
Р.Мұхашова
« 29 » тамыз 2025ж

«Келісемін» _____
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Т.Тастаева
« 29 » тамыз 2025ж

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын
2025-2026 оқу жылында жүзеге асыруға арналған
тәрбие жұмысының жоспары

Сыныбы: 9 “Б”
Сынып жетекші: Джусумбекова З.А.



«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.
Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.
Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Бағдарламаның мақсаты:
қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:
отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:
елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:
басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:
Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:
Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық
Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту
Жалпы орта мектеп түлегі:
халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;
отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.
Құндылық: бірлік және ынтымақ
Құзыреттілік: тиімді коммуникация
Жалпы орта мектеп түлегі:
әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;
басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;
қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;
мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.
Құндылық: әділдік және жауапкершілік
Құзыреттілік: қоғамға қызмет
Жалпы орта мектеп түлегі:
нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;

әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;
қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;
белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;
тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Жалпы орта мектеп түлегі:

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;
моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;
тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Жалпы орта мектеп түлегі:

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;
өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;
нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;
еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;
дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Жалпы орта мектеп түлегі:

зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;
ақпаратты талдау және бағалау;
жаңа идеяларды ұсыну;
заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;
мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

• «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
• **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
• **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу
• **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
• **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

9- сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары				
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы **1 қыркүйек** – «Білім күні» **5 қыркүйек** – Қазақстан халқы тілдері күні **Қыркүйектің екінші жексенбісі** – Отбасы күні **Қыркүйектің үшінші жексенбісі** – Аналар күні **Қыркүйектің соңғы жексенбісі** – Еңбек күні				
№	**Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары**	**Аяқтау нысаны**	**Жауаптылар**	**Орындау мерзімі**
I тоқсан				
1-апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев) **01-05.09.2025ж.**				
1	**1 қыркүйек -Білім күні.** **«Мектебім – мейірім мекені!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 1-САБАҚ:** *9- сыныптар:* «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	3.09
2-апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім! **08-12.09.2025ж.**				
2	**«Мен және менің отбасым» / Жол қауіпсіздігі** **«Жүргіншілер қауіпсіздігі»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 2-САБАҚ:** *9- сыныптар:* «Қауіпті хобби және серуендеу орындары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.09
3-апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай) **15-19.09.2025ж.**				
3	**«Буллингтен қорған!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 3-САБАҚ:** *9- сыныптар:* «Жанжалдың нәтижесі үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.09
4-апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.(Абай) **22-26.09.25ж.**				
4	**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

	«Еңбек түбі береке» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 4-САБАҚ** *9- сыныптар:* «Ата -аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді»			24.09
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық **1 қазан** – Халықаралық қарттар күні **5 қазан** – Мұғалімдер күні **24 қазан** – Кітапханашылар күні **25 қазан** – Республика күні				
1-апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың! 29.09-03.10.25ж.				
5	**«Қамқор» жобасы** **«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет.** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 5-САБАҚ** *9- сыныптар:* «Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	1.10
2-апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас! 06-10.10.25ж.				
6	**«ЖҚЕ негізгі түсініктері мен терминдері» /** **«Даналық ұстаздан»** челленджі *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 6-САБАҚ** *9- сыныптар:* «Желідегі фейктер үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	8.10
3-апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады! 13-17.10.25ж.				
7	**«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 7-САБАҚ** *9- сыныптар:* «Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.10
4-апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім! 20-24.10.25ж.				
8	**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** Ұлттық мереке 25 қазан – **«Республика күні»** **«Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел!»**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.10.

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) **№ 8-САБАҚ** - *сыныптар:* «Күмәнді жағдайларда азғыруды қалай жеңуге және дұрыс таңдау қасауға болады»			
	II тоқсан			
	Қараша – әділдік және жауапкершілік айы **15 қараша** – «Ұлттық валюта» теңге күні **16 қараша** – Халықаралық толеранттылық күні			
	1-апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым! **03-07.11.25ж.**			
9	**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** **«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс».** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 9-САБАҚ** *9- сыныптар:* «Жасөспірім және еңбек қатынастары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	5.11
	2-апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ! **10-14.11.25ж.**			
10	**15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні «Ұлттық теңге - Тәуелсіздігіміздің нышаны».** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 10-САБАҚ** *9- сыныптар:* «Кәмелетке толмаған бала заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	12.11.
	3-апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі **17-21.11.25ж.**			
11	**«Буллингтен қорған!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 11-САБАҚ** *9- сыныптар:* «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.11
	4-апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды! **24-28.11.25ж.**			
12	Тақырыпқа байланысты тележобалар мен деректі фильмдерді талқылау. **«Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет»** *Қ ауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 12-САБАҚ** *9- сыныптар:* «Қауіпті хобби және серуендеу орындары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	26.11.
	Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы			

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні **16 желтоқсан** – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады **01-05.12.25ж.**				
13	**«Қамқор» жобасы** **«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!»** акциясы *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 13-САБАҚ** *9- сыныптар:* «Жанжалдың нәтижесі үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	3.12
2-апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді **08-12.12.25ж.**				
14	**«Буллингтен қорған!»\ «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 14-САБАҚ** *9- сыныптар:* «Ата -аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.12
3-апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас **15-19.12.25ж.**				
15	**Ойынға салауатты көзқарас.** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 15-САБАҚ** *9- сыныптар:* «Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.12
4-апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған **22-26.12.25ж.**				
16	**«Бірлік және ынтымақ» құндылығы** **«Таңғажайып жаңа жыл».** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 16- САБАҚ** *9- сыныптар:* «Желідегі фейктер үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.12
III тоқсан				
Қаңтар – заң және тәртіп айы **1 қаңтар** – Жаңа жыл				
2-апта дәйексөзі : Талап бар жерде тәртіп бар **12-16.01.26ж.**				
17	**«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 17-САБАҚ**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

9 «Б» сынып оқушыларының тізімі

№	Оқушының аты-жөні	Туған күні,айы, жылы	ИИН
1	Ақарыс Әділжан Бименұлы	01.04.2011	110401503397
2	Ануар Дамирали Ғалымұлы	08.05.2011	110508501719
3	Бейбіт Азиз Жандосұлы	17.09.2010	100917552577
4	Беримбаев Али Русланұлы	05.07.2011	110705506057
5	Болатбекқызы Анель	20.01.2011	110120600212
6	Ғабит Диас Ғабитұлы	07.11.2010	101107501690
7	Данышпан Дамир Данияруұлы	24.07.2011	110724504044
8	Ермағамбетова Дана Төремұратқызы	16.06.2011	110616605021
9	Исмаилов Әділет Ғалымжанұлы	05.07.2011	110705504040
10	Кемел Көркем Мұратбекқызы	21.06.2011	110621603337
11	Махамбеталиева Сая Арманқызы	25.01.2011	110125603889
12	Мирамбекова Жания Алимжанқызы	03.03.2011	110303602868
13	Нұрлыбек Айымай Бақытжанқызы	09.03.2011	110309602305
14	Палмбетов Арсен	06.03.2011	110306504309
15	Рысбек Муһаммад Рысбекұлы	14.05.2011	110514504327
16	Шакиев Әділхан Мақсатұлы	24.09.2010	100924555292
17	Шархан Рамазан Мұратұлы	28.08.2011	110828505008
18	Серікбай Гауһар Қайратқызы	13.06.2011	110613603069
19	Шарападин Айнұр Оңталапқызы	10.10.2010	101010600334
20	Әлиәкім Жанерке	11.02.2011	110211604804
21	Садық Роза Асылханқызы	20.05.2011	110520602223
22	Тоқтаған Ахметхан Нұрланұлы	23.10.2010	101023501565
23	Тәубақабыл Олжас Оралбекұлы	17.08.2010	100817552632
24	Уристембек Алихан	01.05.2011	110501500118
25	Көшен Дастан	23.09.2010	100923554141

Сынып жетекшісі: Джусумбекова З.А.

2025-2026 оқу жылындағы «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНА сәйкес
9 «Б» сыныбында жоспар бойынша атқарылған жұмыстардың анықтамалығы

2025 жылдың 2 қыркүйек күні «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Іс-шараға сынып оқушылары түгел қатысып, өздерінің белсенділіктерімен ерекшеленді.Сабақ барысында оқушылар Қазақстан Республикасының тарихы, жері, тәуелсіздік жолындағы жетістіктері, Елбасының еңбегі және қазіргі Президенттің саясаты туралы кеңірек мағлұмат алды. Мемлекеттік рәміздердің мәні мен маңызы түсіндіріліп, Тәуелсіздік, Бірлік, Татулық ұғымдары жан-жақты ашылды. Оқушылар Отан туралы өлеңдер оқып, мақал- мәтелдер айтып, бейнеролик көріп, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін жүрекжарды сөздерімен білдірді. Сонымен қатар, Қазақстанның табиғи байлығы мен әсем көріністері жайында әңгімелеп, өз еліне деген мақтанышторын көрсетті. Сынып сағаты барысында оқушылардың
бойында патриоттық сезім, ұлттық құндылықтарды құрметтеу, туған жерін қастерлеу сияқты қасиеттер қалыптасты. Іс-шара өте мазмұнды, тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті.





2025 жылдың 10 **қыркүйегінде** 9 “Б” сыныбында «Мен және менің отбасым” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты:
– Оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңызын түсіндіру,
- ұлттың негізгі тірегі саналатын отбасы құндылықтарын дәріптеу,
- сыйластық, мейірімділік, жауапкершілік сынды қасиеттерді қалыптастыру
.Сынып сағаты оқушыларды бірден қызықтыратын **психологиялық сергіту ойынымен** басталды. «Жылы сөздер тізбегі» әдісі арқылы әр оқушы ата-анасына немесе үйіндегі отбасы мүшесіне айтатын жылы лебізін ортаға салды. Бұл балалардың көңіл-күйін

көтеріп, сабаққа жағымды атмосфера қалыптастырды.Келесі кезеңде мұғалім оқушыларға «Отбасындағы еңбек түрлері» жайлы шағын бейнеролик көрсетті. Бейнежазбада ата-аналардың күнделікті жұмыстары, үй шаруасындағы еңбектері, сондай-ақ балалардың үйдегі көмегі бейнеленді. Оқушылар бейнероликтен кейін өз ойларымен бөлісіп, «Мен үйде қандай еңбек жасаймын?» деген сұраққа жауап берді.**Топтық жұмыс** барысында сынып 3 топқа бөлінді. Әр топқа «Ата-ананың еңбегі», «Баланың көмегі», «Еңбектің пайдасы» тақырыптары берілді. Топтар постер жасап, ойларын суретпен, сөзбен жеткізді. Әр топ өз жұмыстарын қорғап, еңбекке қатысты мақал-мәтелдер айтып, бір-бірін толықтырды.Сынып сағатының ең қызықты сәті – «Еңбексүйгіш бала» атты қимыл ойыны болды. Мұнда бір оқушы еңбек түрін қимыл арқылы көрсетсе, қалғандары оны табуға тырысты. Бұл балалардың белсенділігін арттырып, көңілді, әсерлі сәттер сыйлады. «Жүректен жүрекке» әдісі қолданылды. Әр оқушы стикерге «Мен үйде ата-анама қалай көмектесемін?» деген ойларын жазып, плакатқа жапсырды. Жинақталған пікірлерден «Еңбек ағашы» құрылып, көрнекілік ретінде сынып қабырғасына ілінді.





2025 жылдың 17 қыркүйегінде 9 “Б” сыныбында «Буллингтен қорған» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты – оқушыларды буллинг ұғымымен таныстыру, оның түрлері мен зардаптарын түсіндіру, сондай-ақ оқушыларды өзара сыйластық пен жауапкершілікке тәрбиелеу болды.Сабақ басында мұғалім «Жылы сөздер шеңбері» әдісін ұйымдастырып, оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтты. Бұл олардың сабаққа белсенді әрі жағымды көңіл-күймен қатысуына ықпал етті.Келесі кезеңде оқушыларға «Буллинг дегеніміз не?» тақырыбында қысқаша түсіндіру жұмысы
жүргізілді. Бейнеүзінді көрсетіліп, буллингтің түрлері (вербалды, физикалық, кибербуллинг) талқыланды. Әр оқушы өз ойымен бөлісіп, өмірден мысалдар келтірді.Топтық тапсырма барысында оқушылар үш топқа бөлініп, «Буллингтің зардаптары», «Көрерменнің рөлі», «Қорғану жолдары» тақырыптарын постер арқылы бейнелеп, өз жұмыстарын қорғады. Жасалған жұмыстарды ортада талқылап, бір-бірінің ойларын толықтырды.«Сен қандай кейіпкерсің?» атты рөлдік ойын арқылы әр оқушы өзін «қорғаушы», «құрбан» немесе «көрермен» рөлінде елестетіп, қысқа сахналық көрініс

көрсетті. Бұл тапсырма оқушыларды жанашырлыққа, әділдікке және батылдыққа тәрбиеледі.Сабақтың соңында «Жүректен жүрекке» әдісі қолданылды.
Әр оқушы стикерге «Мен буллингсіз мектеп үшін не істеймін?» деген сұраққа қысқаша ойларын жазып, тақтаға орналастырды. Жиналған пікірлерден «Достық ағашы» құрастырылып, сынып қабырғасына ілінді.





2025 жылдың 24 қыркүйегінде 9 “Б” сыныбында «Еңбек түбі береке” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты – оқушыларды еңбектің мәнін түсінуге, еңбекқорлыққа баулу, үйде, мектепте, қоғамда еңбек етуге оң көзқарас қалыптастыру, шығармашылықпен ойлануға және бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиелеу болды.Сабақ барысында сынып жетекшісі мамандық таңдаудың өмірдегі маңызы туралы кіріспе сөз сөйлеп, еңбекқорлық пен табыстың арасындағы байланысты ашып көрсетті. Оқушыларға «Болашақ мамандығым» атты ойталқы ұйымдастырылып, әрқайсысы өз арманындағы мамандығын атап, неліктен сол мамандықты таңдағанын түсіндірді.Топтық жұмыста «Еңбек – табыстың кілті» тақырыбына постер жасалып, оқушылар мамандыққа апаратын еңбек жолын бейнеледі. Әр топ өз жұмыстарын қорғап, бір-бірінің пікірін тыңдады. Сонымен қатар, «Қай мамандыққа бейімсің?» атты шағын тест өткізіліп, оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтары талқыланды.Тәрбие сағаты барысында өмірлік тәжірибеден мысалдар келтіріліп, еңбекқорлықтың адам өміріндегі рөлі жан-жақты түсіндірілді. Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы жоғары болды.
Әсіресе, мамандық таңдаудағы жауапкершілік, еңбектің маңызы және болашаққа дұрыс бағыт беру жайлы ой-пікірлері әсерлі шықты. «Мамандық – болашаққа бастар жол, еңбек – жетістікке апарар кілт» деген қорытынды жасалып, оқушыларға әрбір еңбектің қадірін түсініп, болашақ мамандықтарын саналы таңдауға шақыру сөздері айтылды.Жалпы, өткізілген тәрбие сағаты оқушылардың бойында

еңбексүйгіштікке, өз мамандығына жауапкершілікпен қарауға, бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиелеуде маңызы зор болды. Іс-шара мақсатына толық жетті.





2025 жылдың 1 қазанында 9 “Б” сыныбында «Қамқорлық” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларға Қарттар күнінің тарихы мен маңызы түсіндірілді. Аталар мен әжелердің қоғамдағы орны, олардың өмірлік тәжірибесі мен ақыл-кеңесінің жастар үшін маңызы талқыланды. Оқушылар өз әжелері мен аталары туралы естеліктерімен бөлісіп, оларға арнап жылы лебіздерін жеткізді. «Жақсылық себеті», «Дұрыс па, бұрыс па?» сияқты ойындар мен тапсырмалар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, оқушылар топпен «Қарттарға қамқорлық» тақырыбында шағын жоба әзірлеп, постерлерін қорғады. Оқушылар «Қарты бар елдің – қазынасы бар» деген халық даналығын басты ой ретінде қорытындылап, үлкенге құрмет көрсету – ұлттық тәрбиенің негізгі қағидасы екенін атап өтті.





2025 жылдың 06 қазан айында 9 “Б” сыныбында «Даналық ұстаздан» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты – ұстаз еңбегін қадірлеуге, білім мен тәрбиенің мәнін ұғынуға, оқушылардың бойында алғыс, құрмет, ізгілік, мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру болды.Сабақ барысында оқушылар ұстаздарға арналған өлең жолдарын мәнерлеп оқып, ұстаз еңбегі туралы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді ортаға салды. Сонымен қатар оқушылар өз қолдарымен дайындаған ашық хаттарын,
алғыс сөздері мен суреттерін ұстаздарға тарту етті. «Менің сүйікті ұстазым» тақырыбында эссе жазу және «Ұстазға арнау» көрінісі ұйымдастырылып, ұстаз мамандығының қадір-қасиеті жан-жақты ашылды.Іс-шараның көрнекілігі ретінде «Ұстазға мың алғыс!» атты плакат, гүл шоқтары, оқушылардың шығармашылық жұмыстары безендірілді. Сынып жетекшісі ұстаздың еңбегін бағалай білу, білімге ұмтылу және үлкенге құрмет көрсету – әр оқушының парызы екенін атап өтті.Тәрбие сағаты жоғары деңгейде өтті. Оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын ашық жеткізді, ұстаздарына деген ыстық ықыласын білдірді. Іс-шара соңында «Ұстаздар – ұлт болашағын тәрбиелеуші тұлға» атты қорытынды видео көрсетіліп, ризашылық сөздерімен аяқталды. Өткізілген тәрбие сағаты оқушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін арттырып, ұстаз еңбегіне деген құрмет сезімін нығайтты.







2025 жылдың 15 қазан айында 9 “Б” сыныбында «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының негізгі мақсаты – оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, интернет кеңістігінде өз деректерін қорғау және киберқауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету болды.Сынып сағаты барысында оқушыларға заманауи технологиялардың пайдалы және зиянды жақтары туралы бейнеролик көрсетілді. «Интернеттегі қауіп-қатерлер» атты шағын пікірталас ұйымдастырылып, балалар өз ойларын ортаға салды. Әлеуметтік желілердегі жалған ақпарат, бөгде адамдармен байланыс, уақытты тиімді пайдалану, жеке деректердің қауіпсіздігі тақырыптары талқыланды.Оқушылар «Цифрлық әдеп» және «Қауіпсіз интернет» тақырыптарында топтық тапсырмалар орындап, қауіпсіздік ережелерін плакат түрінде ұсынды. Сынып жетекшісі интернетті жауапты пайдалану мәдениетінің маңызын түсіндіріп, нақты мысалдар арқылы ақпараттық қауіптерден қорғанудың жолдарын көрсетті.Іс-шара соңында оқушылар «Қауіпсіз желіде – өз қолымда!» атты ұран айтып, цифрлық қауіпсіздік ережелерін есте сақтауға уәде берді.





2025 жылдың 22 қазан айында 9 “Б” сыныбында Ұлттық мереке 25 қазан - Республика күніне орай ” “Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел!” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты – оқушыларға Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздік жолындағы күрес тарихын таныстырып, ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыру болды.Сабақ барысында оқушыларға Республика күні мерекесінің шығу тарихы мен оның маңызы туралы мәлімет беріліп, еліміздің мемлекеттік рәміздері, Конституциясы және Президент институтының қалыптасуы жайында әңгіме қозғалды. «Мен – елімнің болашағымын» тақырыбында оқушылар ой бөлісіп, өз елінің дамуына үлес қосуға деген ниеттерін білдірді.Іс-шарада «Менің Отаным – Қазақстан!» атты бейнеролик көрсетіліп, «Тәуелсіздік пен Республика – егемен елдің қос тірегі» атты тақырыпта оқушылар өлең жолдарын мәнерлеп оқыды. Топтық жұмыс барысында «Біздің еліміздің жетістіктері» тақырыбында интерактивті постерлер дайындалды.Сынып жетекшісі оқушыларға Отанды сүю, мемлекеттің даму жолына үлес қосу, азаматтық жауапкершілік пен бірліктің маңызын түсіндіріп өтті.
Сабақ соңында оқушылар «Республикам – мақтанышым!» ұранын айтып, Қазақстанның бейбітшілік пен өркендеу жолындағы жетістіктерін атап өтті.Өткізілген тәрбие сағаты оқушылардың елжандылық, отансүйгіштік сезімдерін нығайтып, тәуелсіз елдің азаматы ретіндегі жауапкершілігін арттырды.




2025 жылдың 05 қараша күні 9 “Б” сыныбында «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сабақ барысында оқушылар адал еңбектің қоғам мен жеке тұлға өміріндегі рөлін талқылады. «Еңбегі адал – өмірі бақыт» тақырыбында ойтолғау айтып, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер келтірді. Топтық жұмыс кезеңінде оқушылар адал және арам еңбектің айырмашылығын постер арқылы бейнелеп, өз пікірлерін ортаға салды.Шара соңында оқушылар «Адал еңбек – жарқын болашақтың кілті» деген қорытынды ой түйіп, еңбекқорлық пен әділдікке баулитын мысалдар келтірді.
Тәрбие сағаты өз мақсатына жетті. Оқушылар адалдық пен еңбектің адам өміріндегі орнын ұғынды, өз еңбегін бағалауға және жауапкершілікке үйренеді.




2025 жылдың 12 қараша күні 9 Б сыныбында Ұлттық валюта - теңге күніне “Ұлттық теңге - Тәуелсіздігіміздің нышаны” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты – оқушыларға ұлттық валюта *теңгенің* тарихы, тәуелсіз Қазақстанның дамуына қосқан үлесі және оның экономикалық маңыздылығы туралы түсінік беру болды.Сабақ барысында оқушылар теңгенің 1993 жылы айналымға енгізілгені, алғашқы банкноттар мен монеталардың ерекшеліктері, ұлттық тұлғалар бейнеленген купюралардың мағынасы жайлы мәлімет алды. Сонымен қатар «Теңгені таны» ойыны мен «Дүкен» рөлдік тапсырмасы арқылы оқушылардың қаржылық сауаттылығы мен жауапкершілігі артты.Тәрбие сағаты барысында еңбекқорлық, үнемшілдік, әділдік пен жауапкершілік құндылықтары түсіндіріліп, оқушылар күнделікті өмірде ақшаны тиімді пайдалану, артық шығыннан сақтану туралы пікір алмасты.Сабақ мазмұнды, түсінікті өтті. Оқушылар белсенділік танытып, ұлттық валюта тарихына қызығушылық білдірді.




2025 жылдың 19 қараша күні 9 Б сыныбында “Буллинтен қорған!” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты – оқушыларға буллинг ұғымын түсіндіру, оның түрлері мен пайда болу себептері туралы мағлұмат беру, сондай-ақ бір-

біріне құрметпен қарауға, достық қарым-қатынасты қалыптастыруға, әділдік пен жауапкершілікке тәрбиелеу болды.Сабақ барысында оқушыларға буллингтің психологиялық, физикалық, кибербуллинг сияқты түрлері түсіндіріліп, өмірден алынған мысалдар арқылы оның теріс әсерлері талқыланды. «Дос болайық», «Жақсы сөз – жанға қуат» секілді топтық жұмыстар ұйымдастырылып, балалар бір-біріне жылы лебіздер айту, қолдау көрсету дағдыларын көрсетті.Сонымен қатар қауіпсіздік ережелері, буллинг жағдайында кімге және қалай хабарласу керектігі, жедел қызмет нөмірлері түсіндірілді.Сабақ мазмұнды, тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті. Оқушылар белсенділік танытып, өз ойларымен
бөлісіп, бір-бірін қолдау мәдениетін көрсетті



2025 жылдың 26 қараша күні 9 “Б” сыныбында «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларға жауапкершілік ұғымы қарапайым мысалдар арқылы түсіндірілді. Әрбір адамның жасаған ісі үшін өзі жауап беретіндігі, тапсырмаларды уақытында орындаудың маңызы, тәртіпке бағыну және өз әрекетін дұрыс бағалай білу туралы әңгіме жүргізілді.Сынып сағаты кезінде түрлі өмірлік жағдаяттар ұсынылып, оқушылар олардың шешімін бірге талқылады. Балалар топтық және жеке жұмыста өз пікірлерін білдіріп, жауапты әрекет пен жауапсыздықтың айырмашылығын нақты мысалдар арқылы анықтады. Сонымен қатар «Жауапты оқушы қандай болуы керек?» атты шағын талдау жасалып, оқушылар өз ой-пікірлерін ашық айтты.Оқушылар жауапкершіліктің адам өміріндегі рөлін түсініп, күнделікті өмірде өз әрекетіне есеп бере алудың маңызын атап өтті.Сынып сағаты тиімді өтті, оқушылар белсенділік танытып, тақырып бойынша өз көзқарастарын білдіре алды. Жауапкершілік құндылығының мәнін түсініп, оны күнделікті өмірде қолдану қажеттілігі туралы тұжырым жасады.



2025 жылдың 03 желтоқсан күні 9 “Б” сыныбында «Құқықтық мәдениет – қоғам талабы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Құқықтық мәдениет – азаматтың заңдарды білуі, оларды саналы түрде орындауы, өз құқығы мен міндетін түсінуі, өзгелердің құқықтарын құрметтеуі және кез келген даулы мәселені заңды жолмен шешуге ұмтылуы. Құқықтық мәдениеті жоғары қоғамда тәртіп сақталады, әділдік орнайды және құқық бұзушылықтың алдын алу мүмкіндігі артады.Сондықтан құқықтық мәдениетті қалыптастыру – қазіргі қоғамның басты талабы, әрбір азаматтың міндеті мен жауапкершілігі. Тәрбиелі, саналы, заңды құрметтейтін жас ұрпақ қана елдің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігіне үлес қоса алады.





2025 жылдың 10 желтоқсан күні 9 “Б” сыныбында ««Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Бауыржан Момышұлы (1910–1982) – қазақ халқының даңқты перзенті, Халық қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, көрнекті жазушы, әскери қолбасшы. Ол 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылдарында Мәскеу түбіндегі шайқастарда ерлік көрсетіп, аты аңызға айналған батыр атанды.Бауыржан Момышұлы – әскери тәртіп, отансүйгіштік, намыс пен ерлікті ту еткен тұлға.

Ол соғыс тақырыбында көптеген құнды шығармалар жазып, қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосты. «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Артымызда Москва» атты еңбектері жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге бағытталған.Батырдың өмірі мен ерлігі – өскелең ұрпаққа өнеге, елін сүйіп, Отанын қорғаудың жарқын үлгісі.



2025 жылдың 15 желтоқсан күні 9 Б сыныбында «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәуелсіздік – әрбір халықтың ең қастерлі құндылығы, елдің еркіндігі мен болашағының кепілі. Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Бұл күн – халқымыздың ғасырлар бойғы аңсаған арманының орындалған тарихи сәті.Тәуелсіздік жылдарында еліміз саяси, экономикалық және мәдени тұрғыда үлкен жетістіктерге жетіп, ұлттық құндылықтарымыз қайта жаңғырып, ана тіліміз, дініміз бен дәстүріміз өркендеді. Егемен елдің жастарына білім алып, өз қабілеттерін дамытуға, ел дамуына үлес қосуға мол мүмкіндік берілді.«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» атты сынып сағаты оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, оны қорғап, нығайтуға тәрбиелеуге бағытталған. Тәуелсіз елдің болашағы – білімді, отансүйгіш жас ұрпақтың қолында.





2025 жылдың 25 желтоқсан күні 9 Б сыныбында «Таңғажайып жаңа жыл» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді«Таңғажайып жаңа жыл» тақырыбында өткізілген сынып сағаты оқушыларға мерекелік көңіл күй сыйлау, бір-біріне деген достық қарым-қатынасты нығайту, ұйымшылдық пен белсенділікті арттыру мақсатында ұйымдастырылды.Сынып сағаты барысында оқушылар түрлі қызықты ойындар ойнап, қойылған сұрақтарға жауап беріп, ән айтып, би билеп, көтеріңкі көңіл күйде уақыт өткізді. Мерекелік шара оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, өз ойларын еркін жеткізуіне мүмкіндік берді.Іс-шара барысында сыныпта жағымды атмосфера қалыптасып, оқушылар жаңа жылды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алуға дайын екендіктерін көрсетті.

2025-2026 оқу жылындағы «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНА сәйкес
9 «Б» сыныбында жоспар бойынша атқарылған жұмыстардың анықтамалығы

2026 жылдың 14 қаңтар күні «Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Іс-шараға сынып оқушылары түгел қатысып, өздерінің белсенділіктерімен ерекшеленді. Сынып сағаты барысында оқушылармен зиянды әдеттер, қауіпті әрекеттер және қысым көрсету жағдайлары туралы әңгіме жүргізілді. Оқушыларға өз құқықтарын қорғау, жеке шекараны сақтау және сенімді түрде «жоқ» деп айту дағдылары түсіндірілді. Талқылау кезінде:қауіпті ұсыныстардың белгілері айтылды. Қысым көрсету мен манипуляция түрлері түсіндірілді, нақты әрі батыл бас тарту тәсілдері қарастырылды, өмірлік жағдаяттарға байланысты мысалдар келтірілді. Оқушылар рөлдік ойындар мен пікірталас арқылы өз ойларын білдіріп, қауіпсіз шешім қабылдау жолдарын талқылады.





2026 жылдың 21 қаңтарында 9 “Б” сыныбында «Күмәнді жағдайларда азғыруды қалай жеңуге және дұрыс таңдау жасауға болады» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сынып сағаты барысында оқушылармен өмірде кездесетін күмәнді және қауіпті жағдайлар туралы әңгіме жүргізілді. Азғырудың адам өміріне, денсаулығына және болашағына тигізетін кері әсерлері талқыланды.
Тәрбие сағатында:

- күмәнді жағдайларды анықтау жолдары;
- қысым мен азғыруға қарсы тұру тәсілдері;
- дұрыс таңдау жасаудың маңыздылығы;
- жауапкершілік пен өзін-өзі бақылау туралы түсініктер берілді.

Оқушылар түрлі жағдаяттарды талдап, өз пікірлерін ортаға салды. Рөлдік ойындар арқылы қауіпті ұсыныстардан бас тарту және дұрыс шешім қабылдау дағдылары пысықталды. Сынып сағатының нәтижесінде оқушылар күмәнді жағдайларды ажырата білуге, азғыруға ермеудің маңызын түсінуге, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға, қауіпсіз әрі дұрыс таңдау жасауға үйренді.




2026 жылдың 28 қаңтарында 9 “Б” сыныбында «Жасөспірім және еңбек қатынастары» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты – оқушыларды еңбектің мәнін түсінуге, еңбекқорлыққа баулу, үйде, мектепте, қоғамда еңбек етуге оң көзқарас қалыптастыру, шығармашылықпен ойлануға және бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиелеу болды.Сабақ барысында сынып жетекшісі мамандық таңдаудың өмірдегі маңызы туралы кіріспе сөз сөйлеп, еңбекқорлық пен табыстың арасындағы байланысты ашып көрсетті. Оқушыларға «Болашақ мамандығым» атты ойталқы ұйымдастырылып, әрқайсысы өз арманындағы мамандығын атап, неліктен сол мамандықты таңдағанын түсіндірді.Топтық жұмыста «Еңбек – табыстың кілті» тақырыбына постер жасалып, оқушылар мамандыққа апаратын еңбек жолын бейнеледі. Әр топ өз жұмыстарын қорғап, бір-бірінің пікірін тыңдады. Сонымен қатар, «Қай мамандыққа бейімсің?» атты шағын тест өткізіліп, оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтары талқыланды.Тәрбие сағаты барысында өмірлік тәжірибеден мысалдар келтіріліп, еңбекқорлықтың адам өміріндегі рөлі жан-жақты түсіндірілді. Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы жоғары болды.
Әсіресе, мамандық таңдаудағы жауапкершілік, еңбектің маңызы және болашаққа дұрыс бағыт беру жайлы ой-пікірлері әсерлі шықты. «Мамандық – болашаққа бастар жол, еңбек – жетістікке апарар кілт» деген қорытынды жасалып, оқушыларға әрбір еңбектің қадірін түсініп, болашақ мамандықтарын саналы таңдауға шақыру сөздері айтылды.Жалпы, өткізілген тәрбие сағаты оқушылардың бойында еңбексүйгіштікке, өз мамандығына жауапкершілікпен қарауға, бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиелеуде маңызы зор болды. Іс-шара мақсатына толық жетті.




2026 жылдың 4 ақпанында 9 “Б” сыныбында «Кәмелетке толмаған бала заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе?» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты – оқушыларға кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру; Заң бұзушылықтың салдары және заңды жауапкершілік түрлері туралы ақпараттандыру; Жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру.болды.Сабақ басында мұғалім оқушыларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәмелетке толмағандардың да белгілі бір жағдайда заңды жауапкершілікке тартылатыны түсіндірілді. Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік түрлері туралы мәлімет берілді. Тәрбие сағатында:

- құқық бұзушылық ұғымы;
- кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері;
- заң бұзудың салдары;
- буллинг, төбелес, ұрлық, интернеттегі құқық бұзушылықтар туралы мысалдар талқыланды.

Оқушылармен сұрақ-жауап, пікірталас ұйымдастырылып, түрлі өмірлік жағдайлар мысал ретінде қарастырылды. Сонымен қатар заңды сақтау мен тәртіпке бағынудың қоғамдағы маңызы түсіндірілді. Сынып сағаты нәтижесінде оқушылар заңды жауапкершілік туралы түсінік аып, құқық бұзушылықтың салдарын білді, сонымен қатар өз әрекетіне жауапкершілікпен қараудың маңызын түсінді, заңды құрметтеу және қоғамдық тәртіпті сақтау қажеттігін ұғынды.






2026 жылдың 11 ақпанында 9 “Б” сыныбында «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты - оқушыларға жедел қызмет нөмірлері мен сенім телефондары туралы мәлімет беру, төтенше жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету, қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу, қажет кезде көмек сұрай білу дағдыларын қалыптастыру. Сынып сағаты барысында оқушыларға еліміздегі негізгі жедел қызмет нөмірлері таныстырылды. Атап айтқанда:

- **101** – өрт сөндіру қызметі;
- **102** – полиция қызметі;
- **103** – жедел жәрдем;
- **104** – газ қызметі;
- **112** – бірыңғай құтқару қызметі.

Сонымен қатар балаларға арналған сенім телефондары мен психологиялық көмек қызметтері туралы түсінік берілді. Сенім телефондарына қандай жағдайда хабарласуға болатыны түсіндірілді.Тәрбие сағатында төтенше жағдайда сабыр сақтау, нақты ақпарат беру, жалған қоңырау шалмау, көмек сұраудан қорықпау туралы әңгіме жүргізілді. Оқушылар түрлі жағдаяттарды талқылап, жедел қызметке қоңырау шалу тәртібін тәжірибе жүзінде айтып көрсетті.




2026 жылдың 18 ақпан   айында 9 “Б” сыныбында «Қауіпті хобби және серуендеу орындары» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты – оқушыларға қауіпті хоббилердің зияны мен қауіп-қатерін түсіндіру, қауіпсіз демалыс пен серуендеу мәдениетін қалыптастыру, қоғамдық орындарда өзін дұрыс ұстау ережелерін үйрету, өмір қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеу.ұстаз еңбегін қадірлеуге, білім мен тәрбиенің мәнін ұғынуға, оқушылардың бойында алғыс, құрмет, ізгілік, мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру болды. Қазіргі кезде жастар арасында түрлі хоббилер көбейіп келеді. Кейбірі пайдалы болса, кейбірі адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Сонымен қатар, серуендеу орындарында қауіпсіздік ережелерін сақтамау да түрлі келеңсіз жағдайларға әкеледі. Қауіпті хоббиларға - биік ғимараттарға шығу (руфинг); теміржолда немесе жол үстінде видео түсіру; жылдамдықпен мотоцикл, велосипед тебу; экстремалды селфи жасау; заңсыз ойындар мен қауіпті челлендждер.Тақырыпты ашу мақсатында түрлі талқылау сұрақтары қойылып, оқушылар пікір-талас жүргізді. Өмір — ең қымбат байлық. Әр адам өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауы керек. Пайдалы хобби таңдап, қауіпсіз ортада демалған дұрыс.


2026 жылдың 25 ақпанда 9 Б сыныбында Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың құқықтық ойлауын дамыту, заңға құрмет сезімін қалыптастыру және әлеуметтік

жауапкершілік туралы түсініктерінкеңейту.Апта дәйексөзі: *«Бірлік пен жасампаздық – ел бастауы»*.Тәрбие сағатында оқушыларға құқықтық тәртіп ұғымы, қоғамдағы заңның маңызы, әр азаматтың құқықтары мен міндеттері туралы мәліметтер берілді. Оқушылар түрлі жағдаяттарды талдап, өз ойларын ортаға салды, пікір алмасу жүргізілді. Сонымен қатар, әлеуметтік жауапкершіліктің мектептегі, отбасындағы және қоғамдағы рөлі түсіндірілді.Сынып оқушылары заң талаптарын сақтау, тәртіпке бағыну, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау – елдің тұрақтылығы мен дамуының негізі екендігін түсінді. Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, құқықтық мәдениет пен азаматтық ұстаным туралы өз көзқарастарын білдірді.Қорытындылай келе, тәрбие сағаты оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталды.

2026 жылдың 02 наурызында 9 Б сыныбында «Алғыс айту – рухани байлық» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға алғыс айту, ризашылық білдірудің маңыздылығын түсіндіру.Жақсы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.Құрмет, ізгілік, мейірімділік сияқты адами құндылықтарды дамыту.Қауіпсіздік сабағы:Мақсаты:мектебінде «Адал азамат» – Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Алғыс – ізгі ниет» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға алғыс айту мен ризашылық білдірудің маңыздылығын түсіндіру, жақсы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, құрмет, ізгілік, мейірімділік сияқты адами құндылықтарды дамыту.Сынып сағаты барысында оқушыларға алғыс сөзінің мәні, оның адам өміріндегі орны мен маңызы түсіндірілді. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, күнделікті өмірде ата-анаға, ұстаздарға, достарына алғыс білдірудің қажеттілігі туралы пікір алмасты.
«Алғыс айту – жүректен» атты тренингтік жаттығу ұйымдастырылып, оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдірді.





2026 жылдың 06 наурызында 9 Б сыныбында «Бәрінен биік ана жүрегі» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға алғыс айту, ризашылық білдірудің маңыздылығын түсіндіру.Жақсы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.Құрмет, ізгілік, мейірімділік сияқты адами құндылықтарды дамыту.Қауіпсіздік сабағы:Мақсаты:мектебінде «Адал азамат» – Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Ананың аялы алақаны» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға ананың мейірімі мен қамқорлығының маңыздылығын түсіндіру, анаға деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру, отбасылық құндылықтарды дәріптеу.Сынып сағаты барысында оқушыларға ана бейнесінің қасиеттілігі, ананың бала өміріндегі орны мен рөлі туралы кеңінен мағлұмат берілді. Оқушылар өз аналары туралы ой бөлісіп, жүрекжарды алғыстарын білдірді. «Анаға алғыс» атты шығармашылық тапсырма орындалып, оқушылар аналарына арнап жылы лебіздер мен тілектер жазды.Сонымен қатар, тәрбиелік мәні бар бейнеролик көрсетіліп, оқушылардың аналарға деген құрметі мен мейірімі арта түсті. Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын ашық жеткізе білді.







2026 жылдың 18 наурызында 9 Б сыныбында Наурыз жыл басы тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларға Наурыз мерекесінің мәні мен маңызын түсіндіру, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру.Қауіпсіздік сабағы:Мақсаты:мектебінде «Адал азамат» – Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Наурыз жыл басы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. мақсаты – оқушыларға Наурыз мерекесінің мәні мен маңызын түсіндіру, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру.Сынып сағаты барысында оқушыларға Наурыз мерекесінің шығу тарихы, оның қазақ халқы үшін ерекше орны туралы мағлұмат берілді. Оқушылар ұлттық дәстүрлер, Наурыз көже, көрісу, бата беру сияқты салттар туралы айтып, өз ойларымен бөлісті.Сонымен қатар, оқушылар арасында «Ұлттық құндылық – ұлт

қазынасы» тақырыбында пікір алмасу ұйымдастырылып, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлер туралы сұрақ-жауап жүргізілді. Кейбір оқушылар ұлттық киім киіп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.Сабақ

барысында оқушылар белсенділік танытып, Наурыз мерекесінің тәрбиелік мәнін түсініп, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтары артты.





2026 жылдың 01 сәуірде 9 Б сыныбында «Дүниежүзілік Денсаулық күні» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты оқушыларға денсаулықтың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, дұрыс тамақтану, жеке бас гигиенасын сақтау және белсенді өмір салтын ұстану туралы түсінік қалыптастыру болды.Сабақтың басында оқушылармен жылы амандасу жүргізіліп, жағымды психологиялық ахуал қалыптастырылды. Оқушылар «Денсаулық» ұғымына қатысты өз ойларын ортаға салып, тақырыпқа қызығушылық танытты. Мұғалім тарапынан Дүниежүзілік денсаулық күні туралы қысқаша мәлімет беріліп, оның маңызы түсіндірілді.Сабақтың негізгі бөлімінде оқушылар денсаулықты сақтау жолдары туралы білімдерін кеңейтті. Олар дұрыс тамақтану, тазалық сақтау, күн тәртібін сақтау, спортпен айналысу сияқты маңызды әдеттер туралы пікір алмасты. Түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылар пайдалы және зиянды әрекеттерді ажыратуды үйренді.Сонымен қатар сергіту сәті ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қимыл-қозғалыс арқылы өз сергектіктерін арттырды. Бұл олардың сабаққа деген қызығушылығын одан әрі күшейтті.Қауіпсіздік сабағы барысында оқушыларға супермаркетте өнімдерді дұрыс таңдау ережелері түсіндірілді. Атап айтқанда, өнімнің жарамдылық мерзімін тексеру, сапасына назар аудару, пайдалы тағамдарды таңдау қажеттілігі айтылды. Оқушылар бұл тақырып бойынша өз ойларын білдіріп, күнделікті өмірмен байланыстыра алды.
Сабақ соңында оқушылар өздерінің алған әсерлерімен бөлісіп, денсаулықты сақтау әр адамның өз қолында екенін түсінді.
Тәрбие сағаты барысында оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын еркін жеткізе білді. Қойылған мақсатқа толықтай қол жеткізілді.





2026 жылдың 08 сәуірінде 9 Б сыныбында «Өмірге салауатты қадам» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.«Өмірге салауатты қадам» атты тәрбие сағаты – оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, денсаулықтың адам өміріндегі маңызын ұғындыру мақсатында ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шара.Аталған тәрбие сағатының негізгі мақсаты – оқушыларға денсаулықты сақтаудың жолдарын түсіндіру, зиянды әдеттердің алдын алу, дұрыс тамақтану, дене белсенділігі мен жеке бас гигиенасының маңызын ұғындыру.
Сонымен қатар, оқушылардың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Бұл тәрбие сағаты барысында білім алушылардың салауатты өмір салты туралы түсінігі кеңейіп, өмірге деген дұрыс көзқарасы қалыптасады, сондай-ақ олар болашақта саналы әрі дені сау азамат болып қалыптасуға бағыт алады.






2026 жылдың 15 сәуірінде 9 Б сыныбында «Буллингтен қорған» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты – оқушыларға буллингтің мәнін түсіндіру, оның адам психологиясына тигізетін кері әсерін ұғындыру және бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу болды.Сабақтың басында оқушылармен жағымды психологиялық ахуал қалыптастырылып, «жылы сөз» әдісі арқылы әр оқушы бір-біріне жақсы тілек білдірді. Бұл оқушылар арасында сенімділік пен достық атмосфера орнатуға ықпал етті. Негізгі бөлімде буллинг ұғымы қарапайым тілде түсіндірілді. Оқушылар буллингтің түрлерімен (мазақ ету, кемсіту, қорқыту, шеттету) танысты. Сонымен қатар мұндай әрекеттердің адамға тигізетін зияны туралы пікір алмасты.Оқушылар түрлі жағдаяттарды талқылау арқылы буллинг жағдайында қалай әрекет ету керектігін үйренді. Олар өз ойын ашық айтып, дұрыс шешім қабылдауға дағдыланды. Мұғалім оқушыларға әрқашан үлкендерден көмек сұрау маңызды екенін атап өтті.Қауіпсіздік сабағында оқушыларға өз қауіпсіздігін сақтау, сенімді адамдарды тану, қиын жағдайда жалғыз қалмау және дұрыс шешім қабылдау жолдары түсіндірілді.Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын еркін жеткізе білді. Тақырыпқа байланысты сұрақтарға жауап беріп, бір-біріне қолдау көрсету керектігін түсінді.Сабақ соңында оқушылар буллингке қарсы тұру үшін мейірімділік, сыйластық және достық маңызды екенін қорытындылады.





2026 жылдың 22 сәуірінде 9 Б сыныбында «Атадан өсиет анадан қасиет» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. «Атадан өсиет, анадан қасиет» атты тәрбие сағаты – оқушыларға ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ата-баба мұрасын құрметтеуге баулу, отбасылық тәрбиенің маңызын ұғындыру мақсатында ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шара.Бұл тәрбие сағатының негізгі мақсаты – ата-ананың бала
тәрбиесіндегі рөлін түсіндіру, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, адамгершілік, әдептілік, инабаттылық қасиеттерді бойына сіңіру. Сонымен қатар, халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын насихаттау арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру көзделеді.Сабақ барысында оқушылар атадан қалған өсиет сөздердің, ананың мейірімі мен тәрбиесінің өмірдегі маңызын түсінеді. Бұл іс-шара олардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытып, ізгі қасиеттерді бойына дарытуға ықпал етеді.





2026 жылдың 29 сәуірінде 9 Б сыныбында «Біз әртүрліміз бірақ теңбіз» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты – оқушыларға адамдардың бір-бірінен ерекшеленетінімен қатар, барлығының тең құқықты екенін түсіндіру, өзара сыйластық пен құрмет сезімін қалыптастыру болды.Сабақтың басында оқушылармен жағымды психологиялық ахуал қалыптастырылып, «Жылы сөз» әдісі арқылы әр оқушы бір-біріне жақсы тілектер айтты. Бұл кезең оқушылар арасында сенімділік пен достық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етті.
Негізгі бөлімде «әртүрлілік» ұғымы жан-жақты түсіндірілді. Оқушылар адамдардың сыртқы келбеті, мінез-құлқы, қызығушылықтары мен қабілеттері әртүрлі болатынын айтып, өз ойларымен бөлісті. Мұғалім әр адамның ерекше екенін, бірақ барлығының тең екенін атап өтті.
Талқылау барысында оқушылар кемсіту, мазақ ету, шеттету сияқты әрекеттердің дұрыс еместігін түсінді. Олар бір-бірін құрметтеу, қолдау көрсету, достық қарым-қатынас орнату қажеттігін ұғынды. Әртүрлі жағдаяттар арқылы оқушылар дұрыс шешім қабылдауға дағдыланды.





2026 жылдың 06 мамырда 9 Б сыныбында «9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты – Оқушыларға Ұлы Отан соғысының тарихи маңызын түсіндіру, Отанды сүюге, елін қорғаған батырларды құрметтеуге тәрбиелеу. Жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім мен ерлікке тағзым ету қасиеттерін қалыптастыру. Тәрбие сағатында оқушылар Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік пен батырлық туралы мәліметтермен танысты. Батыр аталарымыздың Отан үшін көрсеткен жанқиярлық ерліктері айтылып, олардың есімдері құрметпен аталды. Оқушылар соғыс ардагерлеріне тағзым етіп, бейбіт өмірдің қадірін түсіну туралы өз ойларымен бөлісті. Сонымен қатар, патриоттық әндер айтылып, өлеңдер оқылды. Тәрбие сағаты оқушыларды елін, жерін сүюге және тарихи жадыны құрметтеуге тәрбиелеуге бағытталды.




2026 жылдың 13 мамырда 9 Б сыныбында «Отбасы құндылықтары – ұлттық құндылық негізі» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты –Оқушыларға отбасының қоғамдағы маңызын түсіндіру, ата-анаға құрмет көрсетуге, үлкенді сыйлауға, ұлттық дәстүрлерді қастерлеуге тәрбиелеу. Отбасы құндылықтары арқылы адам бойындағы мейірімділік, сыйластық, жауапкершілік қасиеттерін дамыту. Тәрбие сағатында оқушылар отбасының адам өміріндегі орны туралы өз ойларын айтты. Олар ата-ананы құрметтеу, бауырмалдық, бірлік пен сыйластық – ұлттық құндылықтардың негізі екенін түсінді. Оқушылар қазақ халқының салт-дәстүрлері мен отбасы тәрбиесінің маңызы туралы пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар, отбасы мүшелеріне қамқор болу, үлкендердің ақылын тыңдау және жақсы қарым-қатынас сақтау туралы әңгіме жүргізілді. Тәрбие сағаты оқушыларды адамгершілікке, ұлттық тәрбиені құрметтеуге баулыды.





2026 жылдың 20 мамырда 9 Б сыныбында «Білімім – Отаныма!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты – Оқушыларға білімнің адам өміріндегі маңызын түсіндіру, ел болашағы үшін сапалы білім алудың қажеттілігін ұғындыру. Отанға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Тәрбие сағатында оқушылар білімнің қоғамдағы орны мен ел дамуына қосатын
үлесі туралы пікір алмасты. Олар жақсы білім алып, болашақта еліміздің дамуына қызмет ету әр азаматтың міндеті екенін айтты. Сонымен қатар, оқушылар өз мамандықтары мен болашақ мақсаттары туралы ой бөлісіп, білім арқылы Отанға пайда келтірудің маңызын түсінді.
Тәрбие сағаты барысында мақал-мәтелдер айтылып, білім туралы нақыл сөздер талқыланды. Іс-шара оқушыларды білімге құштар болуға, елін сүйетін саналы азамат болып қалыптасуға тәрбиелеуге бағытталды.



